


Ұйымдастыру функциясын орындау



Қарастырылатын сұрақтар

- ▣ **1.Басқару функциялары туралы түсінік.**
 - ▣ **2.Басқару процесінің мазмұны мен сипаты.**
 - ▣ **3.Ұйымдық құрылымды құру.**
 - ▣ **4.Басқару құрылымының негізгі типтері.**
 - ▣ **5.Функционалдық құрылым.**
- 

Функция

- Функция – жөнелтуді, әрекетті білдіретін латын сөзі. Шет тілдер сөздігінде “функция” міндет және жұмыс деп түсіндірілетін болса, ал орысша сөздікте оны орган жүргізітін қызмет ауқымы деп береді.

А. Файоль кәсіпорында орын алатын операциялар жиынтығы турасына төмендегідей функцияларды анықтаған:

- техникалық функция (өндіріс);
- сауда – саттық функциясы (сатып алу және өткізу);
- есеп жүргізу функциясы (есептеу);
- қаржылық функция (қаржыландыру);
- қауіпсіздікті қамтамасыз ету функциясы (қызметкерлер мен материалдық игіліктердің сақталынуы);
- әкімшілік функция (басшылық үйлестіру және бақылау).

- Басшылардың тікелей басқарушылық әрекетін белгілейтін операциялдық басқару теориясы бойынша функциялар: *жоспарлау,*
- *ұйымдастыру,*
- *кадрлармен жұмыс жасау,*
- *басшылық және либерлік,*
- *бақылау болып жіктелінеді.*

Ұйымдық құрылымды қалыптастыру төмендегідей қағидаларға жүгінеді :

- Сызықтық және функционалдық басшылықтың арасындағы дәл шекараны анықтау;
- Жарлық беру мен дербес жауапкершіліктің тұтастығы;
- Лауазымға берілетін міндеттердің өкілеттілік пен жауапкершіліктің арақатынасының сәйкестілігі;
- Жұмыс барысын бақылаудың әрістеуі мен үздіксіздігі;
- Орта өзгерістерін сезінуде икемділік пен үнемділік, жоғары бейімделу қасиетінің болуы.

Басқару құрылымының негізгі типтері

1. СЫЗЫҚТЫ ҚҰРЫЛЫМ

2. Функционалдық құрылым

3. СЫЗЫҚТЫҚ – ШТАБТЫҚ БАСҚАРУ

СЫЗЫҚТЫ ҚҰРЫЛЫМ.

- ▣ Басқарудың сызықтық жүйесінің ерекшелігі сол, әрбір бөлімше (немесе жеке орындаушы) жоғары органдағы басқарманың (басшының) біреуіне ғана бағынып тек содан ғана тиісті нұсқаулар алады.



Функционалдық құрылым

- ▣ Фабриканы басқару үшін басшылық қағидасы ретінде бірінші рет Ф.Тейлор ұсынған функционалдық ұйымдастыруы басшылардың мамандандырылуын енгізді. Функционалдық құрылым бойынша басқару саласында негізгі өндірістік бөлімдермен қатар, функционалдық қызмет көрсететін жоспарлау, жабдықтау, қаржы, еңбек, кадрлар т.б. бөлімдер құрылып жұмыс жасайды.



Рис. 2.2. Функциональная организационная структура

Функционалдық құрылымның артықшылығы:

1. Саланы жақсы білетін, сондықтан да неғұрлым білікті шешім қабылдайтын маманның пайда болуы есебінен басқару тиімділігі арта түседі. Басқарудың оралымдылығы дамиды.

2. Бұл құрылым ұйым мақсатын орындауға қажетті басқарушылық және өндірістік еңбек білінісін қамтамасыз етеді.

3. Сызықтық басшылардың жұмысын жеңілдетіп, олардың тұтас алғанда бүкіл жүйеге қатысты жалпы мәселелерге көбірек көңіл бөлуіне мүмкіндік береді.

Функционалдық құрылымының кемшіліктері:

1. Басқару күрт қиындайды – бағынышты бірінші кезекте кімнің үкімін орындауды, нұсқауларды бір – бірімен қалай үйлестіруді білмейді.

2. Функционалдық басқару жағдайында дара басшылық қағидасы сақталмайды.

3. Функционалдық қызметтердің көптігіне қарай шешімдер неғұрлым, маңызсыз әрекетке душар етеді.

СЫЗЫҚТЫҚ – ШТАБТЫҚ БАСҚАРУ.

- Басқару құрылымының бұл түрі сызықтық және функционалды басқару ұйымдарында пайда болған қиындықтардың әсерінен туындайды. Аталған құрылымды А.Файоль кеңінен насихаттада. Кейде бұл жүйе шоғырланған басшылық жүйесі деп аталады. Сызықтық құрылым негізге алына отырып, маңызды проблема бойынша мамандар шоғырланған штаптар құрылады.
- Штаптар білікті шешімдер әзірлейді, дегенмен, бұл шешімдерді сызықты басшы бекітіп, оларды орындау үшін төменгі қабаттарға береді.

